

# Ғ. Мұстафин «Қарағанды» романынан үзінді



## Жаңа сөздер

### Жаңа сөздер:

қыр, мұра, шұқылап-  
шұқылап

Қыр-степь; возвышенность; горный

Мұра-наследие; наследство

Шұқылап-шұқылап-ковырять

Ғабиден  
Мұстафин  
1902 - 1984





абиден Мұстафин

Дауылдан  
кейін

Ғабиден  
Мұстафин  
Қарағанды

Ғабиден Мұстафин

Миллионер

Ғабиден Мұстафин

Шығоно

Қазақтың әйгілі  
жазушысы,  
қоғам қайраткері.

Туған жері қазіргі  
Қарағанды облысы,  
Бұхар жырау ауданы,  
Жауыр тауының етегі.

Ғабиден  
Мұстафин

Шығармашылық жолында  
өндіріс және ауыл  
шаруашылығы  
тақырыптарын қатар  
қантып, аталған қос салада  
өнімді еңбек еткен жазушы.

1940 жылы Қарағанды  
шахтерлерінің өмірінен  
жазылған «Өмір не өлім»  
атты тұңғыш романы  
жарияланды.

## **Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романына қысқаша түсінік**

«Қарағанды» романы – 1952 жылы жарық көрді. Автордың өзінің балалық, жастық шағы сол ортада, Қарағанды жұмысшыларының ішінде өтті. Өндірісте жұмыс жасай жүріп, Ғабиден өз әріптестерімен бірге шыңдалады, шахта өмірімен танысты. Қарапайым жұмысшы айналысатын жер қазудан бастап, темірдің тотын қырды, токарь, машинист болды. Ескі жұмысшылардың қайта серпін алып, жаңа қосылған жас буынның жұмыстан тәжірибе жинап, үлкен өмірге икемделуін өз көзімен көрді. Сөйтіп өндірістің өзіне тән ауыртпалығымен жұмысшылар тіршілігін, шығармашыл тұлға көзімен сараптап, «Қарағанды» романының дүниеге келуіне бірден-бір себепкер болды.

## Аппак Байжанов

**Аппак Байжанов** (1824—1887) — первооткрыватель Карагандинского угольного бассейна. Родился и вырос в урочище Караганды, расположенном в 25 км к югу от реки Нура. Происходит из подрода **сармантай** рода **куандык** племени **аргын**<sup>[1]</sup>.

В 1833 году обнаружил открытый пласт каменного угля возле аула **Майкудык** (ныне жилой массив Майкудук города Караганды). Зная о горючих свойствах угля, Байжанов начал добывать уголь и обеспечивать топливом близлежащие аулы. В честь Аппака Байжанова названы улица и **угольная шахта** в городе Караганде. Ему поставлен памятник перед **областным историко-краеведческим музеем**.



## АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** 6-тапсырмадан төменде берілген мәтінді тауып, қазақша нұсқасымен салыстыр.

С тех пор, как здешний пастух Аппак Байжанов, — говорит он, — нашел в сурочьей норе карагандинский уголь, прошло около ста лет. Все эти долгие годы русские и английские капиталисты держали взаперти богатство казахской земли. А мы этими ключами откроем для народа сокровища его земли... Работы предстоит много, и трудностей мы встретим много. Но сила народная преодолет все. Надо только организовать эту силу — тогда не найдется той крепости, которую мы не могли бы взять...



## Ғабиден Мұстафин «Қарағанды» романынынан үзінді



Жан-жағынан темір арқандармен тартып тастаған түтінсіз темір труба биік дөңнің бетінде тұр. Оны төңіректей, ертеде салынған бес-алты тас барак тым аласа. Барак маңы – жота-жота көмір күлдері, жел үп етсе, кара боран тұрады.

Қарағандыға көктеммен бірге бір көш еніп келеді. Қазақ көшіне ұқсамайды: атқа жеккен төрт-бес бричка, легчанка, төбелерін резинтпен жауып шатырлаған, ішінде он бес-жиырма адам бар. Бәрі – орыс. Тек алдыңғы арбада жалаңбас, бурыл шаш, еңгезердей кара кісінің қасында жұдырықтай Қанабек отыр.

## Түсіндірме сөздік

**барақ** – ағаштан, қамыстан жасалған уақытша тұратын үй  
**бричка** – атқа, есекке, өгізге, түйеге жегілетін екі немесе төрт дөңгелекті арба  
**легчанка** – көлікке жегілетін екі дөңгелекті арба

– Әй, кім де болсаң бері келші, – деп қол бұлғады Қанабек.

Төртпақ, қара мұртты жігіт «бұл кім өзі» дегендей шүйіле бір қарады да, барақ алдынан бері аяндады. Жай жүріп, аяғын нық басып келеді. Ол жеткенше Қанабек тықыршып тұр.

– Салмағынан жер майысады. Ауырын-ай! Мұртты жігіт келе, естілер-естілмес қылып:

– Сәлеметсіз бе? – деді де, қол алыспай сұлық тұрды. Қанабек өзі барып оның қолын ұстады.

– Танысалық, шырақ. Мен Тельман аудандық атқару комитетінің председателі Қанабекпін.

– Мен осы Қарағандыны күзетіп қалған Ермек деген жұмысшымын.

– Бәрекелді! Іздегенім сен едің. Мына кісілер сонау Донбастан, Мәскеуден келеді. Өзі Қарағандыға адам салмақ, бізбен бірге совет Қарағандысын жасамақ. Танысып қой, Сергей Петрович Щербаков, – деп, зор денелі, бурыл шашты кісіге нұсқады. – Өзіндей ескі шахтер, болашақ трест бастығы. Механик Козлов, слесарь Лапшин, инженер Орлов...

Ермек енді әрқайсысымен қол алысты...

*Ғ. Мұстафин. «Қарағанды» романына н*

## 1-тапсырма

Кестені толтырыңыз.

Үзінді бойынша қандай мәселе көтерілді?	Негізгі ойы

Біраз күндер өтті. Донбасшылар орналасып, жұмысқа кірісті. Беткейде қарамы көпенедей ғана көмір үйіндісі жатыр. Оның қасында Әкім бір жігітпен қолбұранды ырғала бұрап тұр. Анда-санда шыңырау құдықтан бір шелек көмір шығарады. Оны көмір үйіндісіне қоспай бөлек төгеді.

– Неге бөлек төктіреді? – дейді Әкім.

– Кім білсін? – деп қасындағы жігіт те түсінбей тұр.

– Сергейден сұрар едім, әттең, орысша білмеймін. Ол қазақша білмейді.

Құдықтан Щербаков, Орлов, Сейтқалы шықты.

– **Ысырап! Ысырап!** – деп, басын шайқап шықты Щербаков. Жарымын шашып, бүлдіріп, жарымын ғана алып жатырсыздар.

Сейтқалы үндемеді. Қарағандының ескі шахтері болатын.

---

Донбасшылар келісімен, ауылдан шахтаға қайта келді. Қазір десятник болып істейді. Әлден уақытта гүр етіп бір жауап қайырды:

– Ағылшындардың тұсында ысырап бұдан да көп-ті.

– Ағылшындар бізге үлгі емес. Көмірді таза әрі ысырапсыз ала біту керек, – деді Сергей Петрович бұраушылардың қимылына қадала қарап тұрып.

Жігіттер таспаша созылып, дамылсыз бұрауда. Маңдай терлерін алақанымен сыпырып тастайды...

Мына тақырыптардың қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келеді? Пікіріңді дәлелде

- 1. Танысу
- 2. Щербаковтың жаңа өмірі
- 3. Щербаковтың жеркілікті шахтерлердің жұмысымен танысуы.
- 4. Қарағанды ірі өндіріс орны



– Жұмыс басталды. Көремісін, көш те келе бастады, – деді Сергей Петрович, – колхозбен шарт жасасқан кезде бұл көштер өзен суындай құйылады әлі.

– Иә, ел хабарланды, елендеп тұр.

– Оларға алдымен су, нан, баспана керек. Бізде әзір оның бірі жоқ...

– Теміржол жоқ, құрылыс материалдары жоқ. Қыстыгүні жұмысшылар қайда паналайды?



– Жеті километрде «Қызылқұдық», төрт километрде «Аққұдық», алты километрде «Ащылыайрық», тоғыз километрде «Бұқпа» колхоздары тұр ғой. Тіпті қысылып бара жатса, жербарақ казып алмай ма? Оған көп материал керек емес. Бәрінен су қымбат. Суды колхоздан тасп алмайды...

Әңгімені шақылдаған балға даусы бұзды. Биік, темір трубаның дәл түбіндегі тас қора – бұрынғы «Герберт» шахтасы орнаған үй. Шахтаның өзін ағылшындар кетерінде мүлде бүлдіріп кеткен. Қазір сол шахта үйінің бір бөлмесінде Көктайынша балға соғып тұр. Ертеде Спасск, Қарағандыда істеген атакты ұста болатын. Донбасшылар келгенін естіп елден бұрын келді. Жана Қарағандыда бірінші соғылған балға, бірінші құрылған көрік сонікі. Қайла ұштап жатыр екен. Қолының ебіне Сергей Петрович сүйсініп:

– Темірді балшықтай онай илейді екенсіз, – деді.

– Темірді балшықтай онай илейді екенсіз, – деді.

Көктайынша орысша доғал тілімен именбей сөйлесті.

– Қаракызды көрсеніз, не дер едіңіз?

– Ол қайда?

– Қайтыс болған.

– Ескі жұмысшыларға хабарлай беріңіз, келе берсін. Қайлаларын ала келсін, құрал-сайман жетпейді...

*Ғ. Мұстафин. «Қарағанды» романынан*

# Оқыған үзінділерден кейіпкерлерді тауып, оларға мінездеме бер.

кейіпкерлер	мінездеме

**Шығармада көтерілген мәселені ашатын мақалдарды табыңыз.**

Еңбек – ердің санаты, білім – ердің қанаты.	
Денсаулық – зор байлық.	
Ер қанаты – ат.	
Еңбегімен ер сыйлы, өнбегімен жер сыйлы.	
Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізет.	

## АЙТЫЛЫМ

**15-тапсырма.** Ғ. Мұстафиннің сөзіндегі ақпаратты қазіргі Қарағанды туралы мәліметтермен салыстырып, «Қарағанды: кеше және бүгін» деген тақырыпта ой бөлісіңдер.

Мен келгенде, — дейді жазушы, — Қарағандыда бес-алты жаман барак қана, 30-40 жұмысшы ғана бар еді. Олар көмірді қайламен қазып, сыртқа темір шелекпен қол бұрау арқылы шығаратын. «Шахта» дегендері — бір ғана құдық.

### **Ойбөліске қойылатын талаптар:**

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- көркемдеуіш құралдарды пайдалану;
- өзіндік ойы мен көзқарасын жүйелі жеткізу.

**Мәтінді тыңда. Автор шығармада нені көрсеткен? **

Қазақстандағы өндіріс саласындағы мәселелерді

Қазақстанда көптеген ұлттардың өмір сүруін

Қазақстанда кеңес өкіметі тұсында өндірістің дамуын

Қазақстанда жұмысшылардың тапшылығын

**Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қой.**

«Қарағанды» ... (1952) – ел экономикасын көтерген өндіріс пен сол өңірдегі жұмыскерлер, зиялылар турасындағы кең тынысты, күрделі шығарма.

романы

поэмасы

әңгімесі

өлеңі